



Үндеу

5 миллион еуропалық, әйелдер мен ерлер, бірігіп, ойын ашып айтады:

Ұлтшылдыққа қарсы Біріккен Еуропа үшін

Сенбі күні, 2018 жылдың 13 қазанында

Біз бостандық пен бейбітшілік орнаған Еуропаны қалаймыз. Оның орнына қайтадан ұлтшылдық қолдау табуда. Басқаның пікірімен есептеспеушілік кеңінен жайылуда.

Өшпенділік өршіп, зорлық-зомбылық күнделікті бел алуда. Жұртты басқалардан, шетелдіктерден қорқытып-үркітіп арандату саяси сипат алуда. Білектілер шақырылуда.

Парақорлық қоғамды тұншықтыруда. Хұқықтық мемлекеттік сипат іріп-шіруде.

Әлеуметтік жетістіктер мен жанымызды салып жүріп қол жеткізген хұқықтарымызға қауіп төнуде. Бостандық пен бейбітшіліктің құны көк тиын болып қалды.

Іске кірісетін уақыт жетті!

Сенбі күні, 2018 жылдың 13 қазанында біз бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып, ұлтшылдыққа қарсы және біріккен, демократия әрі ынтымақ орнаған Еуропа үшін тайынбай өз ойын ашып айтатын 5 миллион еуропалықты, әйелдер мен ерлерді, көшелер мен алаңдарға шеруге шығуға шақырғымыз келіп отыр.

Ұйымдасыңыздар!

Сенбі күні, 2018 жылдың 13 қазанында ортаеуропалық уақыт бойынша сағат 14.00-де тек қана Еуроодаққа мүше елдерде ғана емес, Еуропаның барлық қалаларында шеруге шығыңыздар. Азаматтық қоғам мүшелері, ұйымдар, діни қауымдастықтар, мемлекеттік емес ұйымдар, өнер қайраткерлері, азаматтар, бірігіңіздер! Біз көппіз!

13 қазан күні көп екенімізді көрсетейік. Жұрттың құлағына жетіп, көзіне көрінетіндей барынша анық көрсетейік!

www.13-10.org бойынша хабардар болыңыздар.

Өз қалаларыңызда шеру ұйымдастырғыңыз немесе шеру ұйымдастыруға белсенді түрде араласқыларыңыз келген жағдайда www.13-10.org бойынша хабарласыңыз.

13-10.org-тан 13 қазан күні Еуропаның түкпір-түкпіріндегі болып жатқан шараларды көрсетіп, ұлттық шара ұйымдастырушыларымен тікелей байланысқа шығуға мүмкіндік беретін интернет қосылады. Біз әлеуметтік баспа шараларын қолдап, бірыңғай графикалық бұқаралық іс-әрекеттер мен жарнама материалдарының жобаларын және үндеу парақшаларының online нұсқасын ұсынамыз.